

Көмектесу үшін әрдайым осындамын

Өнімді мына жерде тіркеп, оған қолдау алыңыз:
www.philips.com/support

BT2200

Сұрағыңыз
бар ма? Philips
компаниясына
хабарласыңыз



Қолданушының нұсқасы

PHILIPS

Мазмұндар кестесі

1	Маңызды ақпарат	2
	Маңызды қауіпсіздік нұсқаулары	2
2	Bluetooth динамигі	3
	Кіріспе	3
	Қораптың құрамы	3
	Динамикке шолу	4
3	Жұмысты бастау	5
	Кірістірілген батареяны зарядтау	5
	Қосу/өшіру	5
4	Bluetooth құрылғыларын пайдалану	7
	Құрылғыны қосу	7
	Bluetooth құрылғысынан ойнату	8
	Телефон қоңырауын басқару	8
5	Басқа мүмкіндіктер	9
	Сыртқы құрылғыны тыңдау	9
	Дыбыс деңгейін реттеу	9
6	Өнім туралы ақпарат	10
	Ерекшеліктер	10
7	Ақаулықтарды жою	11
	Жалпы ақпарат	11
	Bluetooth құрылғысы туралы	11
8	Ескерту	12

1 Маңызды ақпарат



Ескертпе

- Типтік кесте құрылғының астыңғы жағында орналасқан.



Абайлаңыз

- Бұл динамиктің корпусын ешқашан алмаңыз.
- Бұл динамиктің ешқандай бөлігін ешқашан майламаңыз.
- Бұл динамикті басқа электр құралдың үстіне ешқашан қоймаңыз.
- Бұл динамикті күн сәулесі тікелей түсетін жерлерден, ашық жалыннан немесе қызудан алыс ұстаңыз.

Маңызды қауіпсіздік нұсқаулары

- Желдету үшін динамиктің айналасында жеткілікті бос орын бар екендігін тексеріңіз.
- Тек өндіруші көрсеткен қосымшаларды/қосалқы құралдарды қолданыңыз.
- Тек пайдаланушы нұсқаулығындағы тізімде берілген қуат көздерімен қолданыңыз.
- Өнімнің үстіне қандай да бір қауіпті заттар (мысалы, жағылған шырақтар) қоймаңыз.
- Құрылғының үстіне қандай да бір қауіп көздерін (мысалы, сұйықтық толтырылған заттар, жағылған шырақтар) қоймаңыз.
- Бұл өнім IEC 60529 IPX6 стандартына сәйкес су өтпейтін етіп жасалған.
- Су әсер ететін ортада пайдалану алдында әрқашан динамиктің төменгі жағындағы қорғағыш қақпақты берік түрде жабыңыз.
- Су әсер ететін ортада пайдаланғаннан кейін динамикті бірден жұмсақ құрғақ шүберекпен сүртіңіз, сөйтіп жақсы желдетілетін, күн сәулесі түспейтін жерде оны кептіріңіз.

2 Bluetooth динамигі

Сатып алғаныңыз құтты болсын және Philips компаниясына қош келдіңіз! Philips ұсынатын қолдауды толық пайдалану үшін өнімді келесі торапта тіркеңіз: www.philips.com/welcome.

Кіріспе

Осы динамикпен келесі әрекеттерді орындай аласыз:


- Bluetooth қосылған құрылғылардан немесе басқа сыртқы дыбыс құрылғыларынан дыбыс тыңдау; және
- Bluetooth қосылымы арқылы кіріс телефон қоңырауын басқару.

Қораптың құрамы

Қораптың ішіндегілерді тексеріп, түгендеңіз.

- Негізгі бөлік
- USB кабелі
- Қысқаша пайдаланушы нұсқаулығы

Динамикке шолу



①

- Қосу немесе өшіру үшін басып тұрыңыз.

② +/-

- Дыбыс деңгейін реттеу.

③

- Жұптау режиміне қолмен кіру үшін 2 секундтан көбірек басып тұрыңыз.
- Жұптау туралы ақпаратты тазалау үшін 10 секундтан көбірек басып тұрыңыз.
- Кіріс қоңырауға жауап беру үшін басыңыз.
- Кіріс қоңырауынан бас тарту үшін басып тұрыңыз.

- Қоңырау кезінде ағымдағы қоңырауды аяқтау үшін басыңыз.

④ **Су өткізбейін қорғағыш қақпақ**

⑤ **AUDIO IN ұяшығы**

- Сыртқы дыбыс құрылғысын қосу.

⑥ **USB арқылы зарядтау ұяшығы**

- Кірістірілген батареяны зарядтау.

3 Жұмысты бастау

Әрдайым осы тараудағы нұсқауларды реті бойынша орындаңыз.

Кірістірілген батареяны зарядтау


Динамик кірістірілген зарядталатын батареямен қосылады.




Ескертпе

- Пайдаланбастан бұрын кірістірілген батареяны толығымен зарядтаңыз.
- Шағын USB ұясы тек зарядтауға арналған.
- Зарядталатын батареяның зарядтау айналымы шектеулі. Батареяның қызмет ету мерзімі мен зарядтау кезеңдерінің саны қолданысқа және параметрлеріне байланысты әр түрлі болады.

- 1 Қорғағыш қақпақты тартып ашыңыз.
 - 2 USB кабелін төмендегілердің арасында жалғаңыз
- динамиктегі USB арқылы зарядтау ұяшығы және
 - компьютердегі USB ұяшығы.




Ф түймесінің жанындағы ЖШД индикаторы батарея күйін көрсетеді.



Ф түймесіндегі ЖШД көрсеткіші	Батарея күйі
Қып-қызыл	Зарядталып жатыр
Динамик қосулы болғанда өшіруі немесе тұрақты ақ	Толық зарядталған
Қызыл түсті болып жыпылықтау	Қуаты төмен

Қосу/өшіру

- Динамикті қосу үшін Ф түймесін басып тұрыңыз.
 - ↳ Ф түймесіндегі ЖШД индикаторы тұрақты ақ түспен жанады.
 - ↳ Бірінші рет реттегенде **сө** Ф түймесіндегі ЖШД индикаторы ақ түспен жанып, динамик жұптау режимінде екенін көрсетеді.
- Өшіру үшін қайтадан Ф түймесін басып тұрыңыз.
 - ↳ Ф түймесіндегі ЖШД индикаторы өшеді.



Күту режиміне ауысу

- Bluetooth режимінде Bluetooth қосылымы жарамсыз болса немесе музыка ойнату 15 минутқа тоқтатылса, бұл динамик күту режиміне автоматты түрде ауысады.
 - AUDIO IN режимінде дыбыс кірісі кабелі ажыратылса немесе музыка ойнату 15 минутқа тоқтатылса, бұл динамик күту режиміне автоматты түрде ауысады.
- ↳ Күту режимінен қосу үшін музыка ойнатуды қайтадан бастаңыз.

4 Bluetooth құрылғыларын пайдалану




Бұл динамикпен Bluetooth қосылған құрылғылардан дыбысты тыңдауға және Bluetooth арқылы кіріс қоңырауын басқаруға болады.

Құрылғыны қосу



Ескертпе

- Bluetooth құрылғысының осы динамикпен үйлесімді екенін тексеріңіз.
- Құрылғыны осы динамикпен жұптамастан бұрын оның Bluetooth үйлесімділігіне арналған пайдаланушы нұсқаулығын оқыңыз.
- Динамик ең көбі 8 жұпталған құрылғыны есте сақтай алады.
- Құрылғыдағы Bluetooth функциясы қосулы екенін және құрылғыңыз барлық басқа Bluetooth құрылғыларына көрінетіндей орнатылғанын тексеріңіз.
- Осы динамик пен Bluetooth құрылғысының арасындағы кез келген кедергі жұмыс ауқымын қысқартуы мүмкін.
- Кедергі келтіруі мүмкін кез келген басқа электр құрылғысынан алыс ұстаңыз.
- Осы динамик пен Bluetooth құрылғысы арасындағы жұмыс ауқымы шамамен 10 метр (30 фут).



- 1 Динамик жұптау режимінде екенін, яғни, **Ⓡ** түймесіндегі ЖШД индикаторы ақ түспен жыпылықтап тұрғанын тексеріңіз.
- 2 Bluetooth құрылғысында Bluetooth функциясын қосыңыз және Bluetooth құрылғыларын іздеңіз (құрылғының пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз).
- 3 Құрылғыда **[Philips BT2200]** көрсетілгенде жұптауды және қосуды бастау үшін оны таңдаңыз. Қажет болса, «0000» әдепкі құпия сөзін енгізіңіз.
↳ Сәтті жұптап, қосқаннан кейін динамик екі рет сигнал шығарады және **Ⓡ** түймесіндегі ЖШД индикаторы тұтас ақ түске айналады.

Bluetooth қолдайтын құрылғыны ажырату үшін:

- Құрылғыда Bluetooth функциясын өшіріңіз;
- Динамикте **🔊** түймесін басыңыз немесе
- құрылғыны байланыс ауқымынан тыс жылжытыңыз.

Бар жұптау ақпаратын тазалау:

- **🔊** түймесін 10 секундтан артық басып тұрыңыз.

Bluetooth қосылған құрылғыны қайта қосу үшін:

- Автоматты қайта қосылу функциясы қосылған жұптасқан Bluetooth құрылғысы үшін бұл өнім оны анықтаған кезде оған қайта қосылады.
- Автоматты қайта қосылу функциясын қолдамайтын жұптасқан Bluetooth құрылғысы үшін оны бұл өнімге қолмен қайта қосыңыз.

Басқа Bluetooth қосылған құрылғыны қосу үшін:

- Ағымдағы құрылғыда Bluetooth функциясын өшіріңіз және басқа құрылғыға қосылу алдында шамамен 3 минут күтіңіз.

🔊 түймесіндегі ЖШД индикаторы	Сипаттама
Ақ болып жыпылықтайды	Байланыс орнатылып жатыр немесе байланысты орнатуды күтуде
Аппақ	Байланыс орнатылды

Bluetooth құрылғысынан ойнату



Ескертпе

- Егер қосылған ұялы телефонда кіріс қоңырауы болса, музыканың ойнатылуы уақытша тоқтатылады.

- Сәтті Bluetooth қосылымынан кейін Bluetooth құрылғысында дыбысты ойнатыңыз.
↳ Дыбыс ағыны Bluetooth құрылғысынан динамикке жіберіледі.

Телефон қоңырауын басқару

Bluetooth қосылымынан кейін кіріс қоңырауын осы динамикпен басқара аласыз.

Түйме	Функция
🔊	Кіріс қоңырауға жауап беру үшін басыңыз.
	Кіріс қоңырауынан бас тарту үшін басып тұрыңыз.
	Қоңырау кезінде ағымдағы телефон қоңырауын аяқтау үшін басыңыз.



Ескертпе

- Динамиктің микрофоны арқылы сөйлеуіңізге болады.
- Кіріс қоңырауы бар кезде музыка ойнату уақытша тоқтайды және телефон қоңырауы аяқталғанда жалғасады.


5 Басқа мүмкіндіктер

Сыртқы құрылғыны тыңдау

Осы динамикпен MP3 ойнатқышы сияқты сыртқы дыбыс құрылғысын тыңдауға да болады.

- 1 Қорғағыш қақпақты тартып ашыңыз.
- 2 Дыбыс кірісі кабелін 3,5 мм қосқышпен екі ұшынан
 - осы динамиктегі **AUDIO IN** ұяшығы және
 - сыртқы құрылғыдағы құлақаспап ұяшығы арасында жалғаңыз.

↳ Динамик **AUDIO IN** көзіне автоматты түрде ауысады.



- 3 Сыртқы құрылғыдағы дыбысты ойнатыңыз (оның пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз).




Кеңес

- 3,5 мм аудио кабельді ажыратқанда динамик Bluetooth көзіне автоматты түрде ауысады.

Дыбыс деңгейін реттеу

- Дыбыс деңгейін арттыру немесе азайту үшін динамикте **+/-** түймесін басыңыз.



6 Өнім туралы ақпарат

Ескертпе

- Өнім туралы ақпарат алдын ала ескертусіз өзгертіледі.

Ерекшеліктер

Күшейткіш

Номиналды шығыс қуаты	1 X 2,8 Вт RMS
Жиілік жауабы	40 - 20000 Гц, ±3 дБ
Сигнал-шу арақатынасы	> 62 dBA
AUX кірісінің сезімталдығы	170 мВ RMS 22 кОм

Bluetooth

Bluetooth нұсқасы	V4.0
Bluetooth жиілік жолағы	2,402 ГГц ~ 2,48 ГГц ISM жолағы
Ауқымы	10 м (бос орын)

Динамиктер

Үндеткіштің номиналдық қарсылығы	4 Ом
Үндеткіш драйвері	4 см толық ауқым
Сезімталдық	> 81 дБ/м/Вт ± 3 дБ/м/Вт

Жалпы ақпарат

Қуат көзі (USB ұяшығы арқылы)	Тұрақты ток 5 В, 500 мА
Ішкі батарея	Литий-полимер батарея (3,7 В, 500 мАс)
Суға төзімділік	IPX6
Жұмыс температурасы	0°C~45°C
Сақтау температурасы	-40°C~70°C
Өлшемдер - негізгі құрылғы (Е x Б x К)	107,3 x 69,1 x 58 мм
Салмағы - негізгі құрылғы	0,2 кг

7 Ақаулықтарды жою



Абайлаңыз

- Бұл құрылғының сыртқы корпусын шешуші болмаңыз.

Кепілдіктің жарамдылығын сақтау үшін жүйені ешқашан өзіңіз жөндеуге әрекет жасамаңыз.

Бұл құрылғыны пайдалану кезінде мәселелерге кезіксеңіз, қызмет сұраудан бұрын төмендегі тармақтарды тексеріп шығыңыз. Егер мәселе шешілмесе, Philips веб-бетіне (www.philips.com/support) өтіңіз. Philips компаниясына хабарласқанда, құрылғының жақында болуын және үлгі нөмірі мен сериялық нөмір көрініп тұруын қамтамасыз етіңіз.

Жалпы ақпарат

Қуат жоқ

- Динамикті зарядтаңыз.

Дыбыс жоқ

- Динамикте немесе Bluetooth қосылған құрылғыда дыбыс деңгейін реттеңіз.
- Bluetooth құрылғысының тиімді жұмыс ауқымында екенін тексеріңіз.

Динамиктен жауап жоқ

- Динамикті қайта іске қосыңыз.

Bluetooth құрылғысы туралы

Bluetooth функциясы қосылған құрылғымен байланыс орнағаннан кейін дыбыс сапасы нашар.

- Bluetooth қабылдауы нашар. Құрылғыны осы өнімге жақын орналастырыңыз немесе олардың арасындағы барлық кедергілерді алып тастаңыз.

Құрылғыға қосылу мүмкін емес.

- Құрылғының Bluetooth функциясы қосылмаған. Функцияны қосу жолдарын құрылғының пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз.
- Бұл өнім басқа Bluetooth функциясын қолдайтын құрылғымен қосылып қойылған. Бұл құрылғыны ажыратып, әрекетті қайталаңыз.

Жұпталған құрылғы тұрақты қосылып, ажырайды.

- Bluetooth қабылдауы нашар. Құрылғыны осы өнімге жақын орналастырыңыз немесе олардың арасындағы барлық кедергілерді алып тастаңыз.
- Кейбір құрылғыларда Bluetooth қосылымы қуатты үнемдеу мүмкіндігі ретінде автоматты түрде ажыратылуы мүмкін. Бұл осы өнімнің бұзылғанын білдірмейді.

8 Ескерту

CE 0700

Осы құжат арқылы WOOX Innovations компаниясы бұл өнімнің 1999/5/EC директивасының негізгі талаптары мен басқа да тиісті ережелеріне сәйкес келетінін мәлімдейді. Сәйкестік туралы декларацияны www.philips.com/support сайтынан табуыңызға болады.

WOOX Innovations тікелей рұқсат бермеген құрылғыға енгізілген қандайда бір өзгерістер немесе түрлендірулер пайдаланушының жабдықты пайдалану құқығынан айыруы мүмкін.

Ескірген бұйымдарды және батареяны жою



Бұл өнім қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын жоғары сапалы материалдар мен бөлшектерден жасалған.



Өнімдегі бұл таңба өнімнің 2012/19/EU еуропалық директивасы арқылы қамтылатынын білдіреді.



Өнімдегі бұл таңба өнімде 2013/56/EO еуропалық директивасына сай келетін, қалыпты тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайтын батареялар бар екенін білдіреді. Кәсіпқой зарядталмалы батареяны алуы үшін өнімді ресми жинау орнына немесе Philips сервистік орталығына апару ұсынылады.

Электр және электрондық өнімдер мен зарядталмалы батареяларға арналған жергілікті жеке жинау жүйесімен


танысыңыз. Жергілікті ережелерді орындаңыз және өнім мен батареяларды ешқашан қалыпты тұрмыстық қоқыспен бірге тастамаңыз. Ескі өнімдер мен батареяларды қоқысқа дұрыс тастау қоршаған ортаға және адам денсаулығына зиянды әсерлер тигізбеуге көмектеседі.



Ескерту

- Кірістірілген батареяны шығарып алу кепілдікті жарамсыз етеді және өнімді бұзуы мүмкін.

Ішкі батареяны алу үшін өнімді әрдайым кәсіпқой маманға апарыңыз.



Айналаны қорғау мәселелер ақпараты

Барлық қажетсіз орамдар алынып тасталған. Біз орамды үш материалға оңай ажыратылатын етіп жасауға тырыстық: картон (қорап), көбік полистирол (буфер) және полиэтилен (дорбалар, қорғағыш көбік орауышы.)

Жүйе мамандандырылған компания тарапынан бөлшектенген жағдайда қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын материалдардан тұрады. Орауыш материалдар, ресурсы біткен батареялар мен ескірген жабдықты тастауға қатысты жергілікті ережелерді ұстаныңыз.

Bluetooth

Bluetooth® сөз белгісі мен логотиптері Bluetooth SIG, Inc. корпорациясының иелігіндегі тіркелген сауда белгілері болып табылады және мұндай белгілерді WOOX Innovations әрдайым лицензияға сәйкес пайдаланады.



2014 © WOOX Innovations Limited. All rights reserved.
This product was brought to the market by WOOX Innovations Limited or one of its affiliates, further referred to in this document as WOOX Innovations, and is the manufacturer of the product. WOOX Innovations is the warrantor in relation to the product with which this booklet was packaged. Philips and the Philips Shield Emblem are registered trademarks of Koninklijke Philips N.V.

